

М.Қ. Жазықова
У.Ж. Туякова

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан
(E-mail: makash_k@mail.ru, ulbosun70@mail.ru)

Білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында мұғалімнің кәсіби креативтік құзыреттілігін қалыптастырудың маңызы

Аңдатпа. Мақалада қазіргі оқытудың жаңа парадигмасы жағдайындағы педагогтың кәсіби креативтік құзыреттілігі мәселесі қарастырылған. Автор өз зерттеуінде «парадигма», «білім беру парадигмасы», «құзыреттілік», «педагогтың кәсіби құзыреттілігі», «шығармашылық», «креативтік», «креативтік құзыреттілік» терминдеріне отандық және шетелдік ғалымдар тарапынан берілген анықтамаларды талдай отырып, бүгінгі білім беруді модернизациялау жағдайында педагогтың креативтік құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесін жасаудың өзектілігін атап көрсетеді.

Оқытудың жаңа парадигмасы оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін ашуға бағытталатынын ескерте отырып, автор оны жүзеге асыру кәсіби тұрғыдан жетілген, оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын терең меңгерген креативтік мұғалімге жүктеледі деп есептейді. Сөйтіп, өз жұмысының соңында зерттеуші оқушының тұлға ретінде өмірлік маңызды сапалық қасиеттерінің қалыптасуы мұғалімнің креативтік құзыреттілігіне тікелей байланысты деген қорытынды жасайды.

Түйін сөздер: парадигма, білім берудің жаңа парадигмасы, құзыреттілік, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі, шығармашылық, креативтік, креативтік құзыреттілік, мұғалімге арналған модульдер.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2022-139-2-178-185>

Кіріспе

Елімізде білім берудің жаңа парадигмасын қалыптастыру кезеңінде әлемдік дидактика ғылымының алдыңғы қатарлы идеялары кең қолданылып, білім мазмұнын жаңарту, оқытуды модернизациялау бағытында жаңа концепциялар мен технологиялар енгізілуде. Ондағы мақсат еліміздің интеллектуалдық және рухани жағынан жетілген тұлғасын қалыптастыру, оның бәсекелестік заманында білім алуға деген қажеттіліктерін қанағаттандыру

және қоғам сұранысына бейімделуіне көмектесу болып табылады.

Оқытудың жаңа парадигмасы оқушылардың шығармашылық ізденістерін дамытуды да басты назарға алады. Бұл өз кезегінде мұғалімнің инновацияға ұмтылуын қажет етеді. Басқа сөзбен айтқанда, білім берудің жаңа парадигмасын жүзеге асыру кәсіби тұрғыда жетілген, қазіргі заман талаптарына сай ақпараттық және оқыту технологияларын жан-жақты меңгеріп, шығармашылықпен жұмыс істейтін, креативті ойлайтын ұстазға

жүктелмек. Оқытудың жаңа моделінің қалыптасуы, бір жағынан, тұлғалық-бағдарлы оқытумен тікелей байланысты жүзеге асырылса, екінші жағынан, маман-ұстаздың кәсіби және креативті құзыреттілігіне байланысты.

Зерттеу әдістері

Зерттеудің әдіснамалық негізін танымның философиялық теориясы, жүйелілік, тұлғалық-әрекеттестік, аксеологиялық тәсілдер, гуманистік идеясы, тұлғаға бағдарланған оқыту құрайды. Зерттеу барысында теориялық, логикалық әдістер қолданылды: ғылыми дереккөздерді зерттеу, талдау, синтездеу, абстракциялау, нақтылау, жалпылау, салыстыру, бақылау, сауалнама, тестілеу, педагогикалық эксперимент, эксперттік бағалау.

Талқылау

Грек тілінен аударғанда «үлгі», «модель» дегенді білдіретін «парадигма» сөзі әлеуметтану ғылымында: «...индивидтің айналадағы шындықты қабылдауына ықпал етуі мен соған орай әрекет ету тәсілдерінің когнитивтік концепциялары, болжамдары, құндылықтары мен тәжірибелерінің когеренттілігі (байланысы)», - деп түсіндіріледі [1, 262].

Жалпы, әлемдік ғылыми практика парадигмаларды жалпы ғылыми, жеке және локальдық деп бөледі. Олар қоғамның, ғылым мен техниканың дамуына, мәдени және адамгершілік құндылықтардың қалыптасуына өзіндік әсер етеді. Әсіресе, өткен ғасырдың аяғында жаңа ғылым – синергетиканың белсенді дамуына байланысты аталған парадигмалардың байланысы арта түсті.

Ал «педагогикадағы парадигма (педагогикалық парадигма) – бұл тұрақтанған, әдетке айналған көзқарас, белгілі бір стандарт, білім беру үлгісі» [2, 36]. Педагогика тарихы когнитивтік және тұлғалық парадигмалардың өзара әрекеттесіп отыратынын көрсетті. Педагогикадағы классикалық парадигманың негізі тұңғыш педагог Я.А. Коменскийдің «Ұлы дидактикасынан» бастау алады. Кейін оның тұжырымын басқа ғалымдар одан әрі дамытты. Сөйтіп, 19-20-ғасырларда аталмыш пара-

дигмалардың арасындағы қайшылық одан әрі өрістей түсті.

Е.А.Ямбургтың пікірі бойынша, қазіргі уақытта батыс елдері мен Ресейде педагогикалық ізденіс векторы тұлғалық парадигмаға бағытталып отыр. Тұлғалық парадигма негізгі құндылық ретінде оқушының білім ала отырып дамуын таниды, баланың табиғи, ішкі себептерден пайда болған дамуына ерекше назар аударады. Тұлғалық педагогика парадигмасы оқушыны мұғалімнің көмегімен жоғары жетістіктерге қол жеткізуіне мүмкіндік беретін білім жолын өз бетімен таңдай білетін тұлға деп қарайды. Мұндай жағдайда оқушыларға қойылатын талаптар қатты нормаланбаған. Е.А.Ямберг оқытудың когнитивті парадигмасын да, тұлғалық парадигманы да «таза күйінде» сөзсіз қабылдау мүмкін емес деп есептейді. Ол плюрализмді, әртүрлі көзқарастардың үйлесімділігін, парадигмааралық кооперацияны, ашықтық пен қарым-қатынасты, бір уақытта бала мен қоғам қажеттіліктеріне бағытталуды мойындап, оларға ерекше назар аударды.

Ш.А.Амонашвили XX ғасырдың 80-шы жылдарының ортасында екі парадигманы атап көрсетеді: авторитарлы-императивтік және гуманистік. Авторитарлы-императивтік парадигма мұғалімнің оқушыға сенім білдірмей, оның белсенділігі мен шығармашылық дербестігін тежеп, табиғи ортасын шектеп, тек ыждағаттылық пен орындағыштыққа баулуға болатын қажетті және маңызды құралдарды ғана алдыңғы орынға қояды. Мұндай жағдайда педагогикалық үдеріс бір бағытта ғана ықпал етеді. Оқыту үдерісінің өзегі, бір жағынан талап қоюшылық пен қаталдық, екінші жағынан, бағыныштылық пен бойұсынуды болжайтын педагогикалық өзара қарым-қатынас типі болып табылады. Әміршіл педагог үшін маңыздысы оқушының өзі емес, оқытудың сыртқы мақсаты. Бала дербес білім алуға қатысудан алыстатылады. Ол педагогикалық мақсаттарға қол жеткізудің құралына айналып, біртұтас, әмбебап, қайталанбас тұлға ретінде емес, шығармашыл-мұғалімнің ойларын жүзеге асыруға кедергі келтіруге қабілетті немесе, керісінше, белгілі бір сапалар мен қасиеттерге ие материалға айнала-

ды. Ш.А. Амонашвили ресми кеңес педагогикасының және бұқаралық кеңес мектебінің авторитарлы-императивтік болғаны туралы қорытынды жасап, әр адамның табиғи мүмкіндіктерін жүзеге асыруға жағдай жасайтын гуманистік парадигманың негізін қалады.

Оқыту парадигмасы педагогикалық үдерістің негізгі бағыттарын анықтайтын құндылықтардан тұрады. Олардың қатарына білімнің мемлекеттің және жеке тұлғаның мүддесіне бағытталуы, субъектілердің бір-бірімен әрекеттесуі, мазмұндылығы мен технологиялығы жатады. Олай болса, оқытудағы жаңа парадигма дәстүрлі педагогикадағы оқушылардың білім, білік, дағдысын қалыптастырумен ғана шектелетін жүйенің орнына құзырлылық тұғырды алдыңғы орынға қоятын атап айтамыз.

Осы ретте шетелдік және отандық ғалымдардың «құзырет» «құзыреттілік», «шығармашылық», «креативтілік», «креативті құзыреттілік» ұғымдарына берген анықтамаларын саралау қажеттілігі туып отыр.

Алдымен шетел ғалымдарының еңбектерінде «құзыреттілік» термині дара психологиялық ұғым деп түсіндірілетінін және жекелік, қарым-қатынастық, тәртіп, өзіндік даму сияқты қасиеттермен ерекшеленетінін байқадық. Бұған ағылшын психологы Джон Равеннің «құзыреттілікті» «специфическая способность, необходимая для эффективного выполнения конкретного действия в конкретной предметной области и включающая узкоспециальные знания, особый род предметных навыков, способов мышления», - деп түсіндіргені дәлел болады [3, 38].

«Орыс тілінің түсіндірме сөздігі» «компетентность» терминін: 1) круг полномочий, предоставленный законом, уставом или иным актом конкретному органу или должностному лицу; 2) знания и опыт в той или иной области», - деп түсіндіреді [4, 557]. Ал қазақ тілінде «құзырет» сөзінің бір нәрсеге лайықтылық, сәйкестілік деген мағынаны білдіретіні, осыдан келіп, жеке тұлғаның нақты бір сферадағы теориялық ақпараттар мен практиканы жетік меңгеруі екенін көпшілік жақсы түсінетіні анық.

Ал педагогика ғылымы құзыреттілікті маманның белгілі бір кәсіп саласында жинақтаған білімі мен біліктілігі ретінде түсіндіреді. Өзінің өмірлік тәжірибесі мен білімін жинақтай отырып, маман тұлғалық жағынан да, кәсіби құзыреттілігі жағынан да өседі. Бұл пікірді академик В.Д.Шадриков ұсынған төмендегі анықтама нақтылай түседі: «Компетентность – это новообразование субъекта деятельности, представляющее собой системное проявление знаний, умений, способностей и личностных качеств, позволяющее решать функциональные задачи, составляющие сущность профессиональной деятельности» [5, 5]. Ал А.В.Хуторской: «Компетентность – владение, обладание человеком соответствующей компетенцией, включающей его личностное отношение к ней и предмету деятельности», - деп, атап көрсетеді [6, 60]. Бұдан ғылыми әдебиеттерде «құзыреттілік» ұғымына берілген анықтамаларда маманның табысты еңбек етуі үшін жан-жақты білімінің болуы; сол білімді практикада қолдана білуі және кәсіби қызметке шығармашылықпен қарауы сияқты қасиеттердің болуы осы ұғымды ашатын белгілер қатарында екенін атап айтамыз.

Ал «кәсіби құзыреттілік» терминіне қатысты пікірлерді қарастыратын болсақ, Э.Ф.Зеер кәсіби құзыреттілік деп: «...кәсіби білімдер мен біліктер жиынтығын, сондай-ақ оларды өздерінің кәсіби қызметінде жүзеге асыру тәсілдерін» атайды [7, 25]. В.Г.Горб кәсіби құзыреттілікті «адамның мемлекеттік, әлеуметтік және тұлғалық өкілеттілігін жүзеге асырудағы кәсіби-мәртебелік мүмкіндіктері» ретінде қарастырады [8, 34].

Енді «педагогтың кәсіби құзыреттілігі» терминіне қатысты тұжырымдарды қарастырайық. Осы ретте біз орыс ғалымдары А.П.Тряпицына мен Маркованың анықтамаларына тоқталамыз. А.К.Маркова өз еңбегінде кәсіби құзыретті мұғалім өзінің педагогикалық қызметін аса жоғары деңгейде жүзеге асырып, оқушыларға білім беру мен тәрбиелеуде жақсы нәтижелерге қол жеткізетін ескертіп, бұл кәсіби құзыреттіліктің бес блогын құрайтынын атап көрсетсе, А.П.Тряпицына педагогтың кәсіби құзыреттілігі шынайы жағдаяттарда пайда болатын кәсіби проблемалар

мен міндеттерді білімі, кәсіби және өмірлік тәжірибесін пайдаланып, құндылықтар мен мүмкіндіктер негізінде шеше білуі деп түсіндіреді. Қазақ ғалымы К.С.Құдайбергенованың пікірі бойынша: «Педагогика саласындағы мұғалімнің құзыреті – нені білуін, нені түсінуін, меңгеруін немесе неге қабілетті екендігін көрсетуі, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығаруы» [9, 24].

Қазіргі кезде шығармашылық әрекет педагогтың кәсіби қызметінің бөлінбес бір компоненті болып табылады. Осы мәселені толық зерттеу үшін және «шығармашылық» ұғымының мәнін ашу үшін аталмыш терминге қатысты әртүрлі ғылыми еңбектерге шолу жасадық.

Шығармашылықтың табиғаты туралы алғашқы пайымдаулар ежелгі философтар еңбектерінде кездеседі. Философия тарихында шығармашылық субъектілеріне Құдайды, Табиғатты, Адамды жатқызған. XX ғасырдың аяғы – XXI ғасырдың басында өмір сүрген ғалымдар «шығармашылық» мәселесіне әртүрлі көзқарастар танытқан. Экзистенциалистер «шығармашылықты» мазмұнын бөлуге келмейтін субъектінің дүниеге және өз өзіне деген ерекше көзқарасы ретінде қарастырса, философ Г.С.Батищев шығармашылықтың тек жаңаны жасауға бағытталған әрекет еместігін атап көрсетеді. Ал С.Ю.Гуревич шығармашылықты адамның өмірлік әрекетінің тәсілі, оның дүниені белсенді меңгеруі және өзін өзі өзгертуі деп есептесе, Н.И.Пилюгина оны тұлға дамуының басты факторы деп атайды. Бұл пікірлер «шығармашылық» терминіне берілген түсіндірмелердің әртүрлілігін көрсетеді. Сондықтан біз аталған ұғымға қазіргі заманғы педагогикалық сөздікте берілген анықтаманы басшылыққа аламыз: «Шығармашылық – әлеуметтік маңызға ие жаңа материалдық және рухани құндылықтарды жасау әрекеті. Тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктерімен – интеллектісінің оралымдылығымен, шығармашылық қиялы мен интуициясының дамығандығымен, шаблондық стереотиптерді жеңе білулерімен, жаңаны іздеуге жоғары мотивациясымен, өзін-өзі белсендіруге тұлғалық қажеттілігімен анықталады (ауд. – автор М.Ж.)» [10, 93].

Сөйтіп, шығармашылық адам белсенділігінің өнімді формасы болып табылады. Оның нәтижесі қоршаған орта мен тұлғаның конструктивті өзгерістеріне алып келеді. Бұл жағдайда шығармашылық адам әрекетінің мәнін, оның ішінде кәсіби әрекетінің мәнін құрайды. Біздің ойымызша, шығармашылық мұғалім қызметінде ерекше орын алады, себебі оның өнімі оқушы мен педагогтың өзіндік тұлғалық дамуы болып табылады. Бұл фактінің дәлелдемесін біз «Атамекен» кәсіпкерлік палатасы бекіткен «Педагогтың Кәсіби стандартынан» көре аламыз [11].

Мұғалім еңбегінің шығармашылық сипаты және өзектілігі туралы әр заманда танымал педагогтар өз еңбектерінде айтып кеткен. Мысалы, Н.И.Пилюгина: «Педагогикалық шығармашылық тұлғалық салада педагогтың өзін-өзі жүзеге асыруы мен өзін шығармашыл адам ретінде қабылдай білуі ретінде де көрініс табады», - дейді [12, 35]. Сондықтан мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі мәселесіне қатысты ғылыми ортада «шығармашылық» терминінің орнына онымен мәндес «креативтік» терминін қолдану орынды деп есептейміз.

«Креативтік» терминін алғаш Д.Симпсон 1922 жылы «тұлғаның санадағы стереотиптерден бас тартуға қабілеттілігі» ретінде қолданды. Осы бағыттағы шетелдік зерттеулерге Р.Стернберг, А.Танненбаум, Д.Фельдхьюзен және т.б. еңбектерін жатқызуға болады. 1974 жылы креативтілікке қатысты кең көлемді анықтаманы американдық психолог Элис Пол Торренс берді. Оның пікірінше, «Креативтік – индивидтің стандартты емес, шығармашылық ойлауға қабілеттілігі, проблема қоюға сезімталдығы және оны шешудің жолдарын іздеуі, оралымды ойлауға мен жаңа идеяларды ұсынуға қабілеттілігі; білімнің жеткіліксіздігін сезінуі» [13, 57]. Бұл анықтаманы психологиялық сөздікте берілген «шығармашылық» ұғымының анықтамасымен салыстыра отырып, оларға берілген анықтамалардың кейбір пункттерінің (ойлаудың оралымдылығы, жаңаны іздеуге талпыныс, шаблондарды жеңе білуі) сәйкес келетінін байқауға болады, бұл аталмыш құбылыстардың табиғатының бір екенін көрсетеді.

Осы ретте «креативтік», «креатив» сөздерінің қазақ тіліне XX ғасырдың 80-90 жж. ағылшынның «creativity», «creative» сөздерінен калька түрінде қабылданып, «шығармашылыққа қабілеттілік, шығармашыл» деген мағынада басында бизнес-қауымдастықта қолданылып, бірте-бірте қоғам өмірінің басқа салаларына ауысқанын атап айту керек. Кейін «креативтік құзыреттілік» тіркесін американдық ғалым Джозеф Чилтон Пирс алғаш пайдаланғанымен, аталмыш терминнің ғылыми ортаға енуіне Р.Эпстайннің еңбектері себеп болды. Оның ойынша, креативтік құзыреттілік маманның өз бойындағы білімін тиімді қолдануымен бірге, өзін-өзі жетілдіруге, әртүрлі стандартты емес жағдаяттарда жаңаша ойлап, шешім қабылдауға деген талпынысын білдіреді. Осыған орай оқытудың жаңа парадигмасы жағдайында оқушыға сапалы білім беру үшін ұстаз өз бойындағы креативтік құзыреттілікті оқушының креативтік құзыреттілігімен ұштастыра жүзеге асыра алады.

Нәтижелер

Білім парадигмасын жаңарту жағдайында мектеп алдына негізгі үш бағыт басшылыққа алынады: оқушының жеке қабілетін, әлеуеттік мүмкіндіктерін, ішкі қажеттіліктерін ескере отырып, жеке-даралық бағытта оқыту. Оларды жүзеге асыру үшін мұғалім негізгі үш компонентпен таныс болуы тиіс:

- инварианттық – мемлекеттің базалық оқу стандарты жүйесіндегі талаптарына жауап беретін жалпы міндетті оқу жоспарын меңгеру;
- бейіндік - оқу стандарты талаптарының мазмұнында көрсетілгендей оқу курстарының тереңдігін, оқылатын пәндердің өзара байланыстылығын меңгеру;
- тұлғалық – оқушылардың өзіндік зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға байланысты арнаулы курстар мен бағдарламаларды меңгеру.

Мұғалімнің дидактикалық даярлығы оның кәсіби шеберлігінің маңызды және бөлінбес саласы екені анық. Екіншіден, ол білім негіздерін жаңа меңгере бастаған оқушының

тұлғалық өсуіне де жауапты, яғни оқушыны өздері өмір сүріп отырған қоғамның қажеттілігіне қарай оқытып-тәрбиелейді. Сонымен бірге мұғалім – оқу үдерісінде ұлттық тәрбиенің негізгі қағидаларын басшылыққа алып, кейінгі ұрпаққа жеткізуші.

Олай болса, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің маңызды сипаты оның кәсіби интегративтік білім мен дағдыға негізделуі, оқушы тұлғасын дамытуға бағытталуы болып табылады. Осы ретте педагогтың креативтік құзыреттілігін қалыптастыруда мұғалімдердің біліктіліктерін арттыру, мұғалімдерге арналған модульдер түрінде жүзеге асырылатын тренингтер, әдістемелік семинарлар мен курстар өткізудің маңызы зор. Олардың бағдарламаларында пәндік, тренингтік, аудиториядан тыс, курстық-тақырыптық модульдер қарастырылуы тиіс. Мысалы, педагогтарға «Педагогикадағы жобалау жұмыстары», «Дидактикалық тапсырмаларды беру жолдары», «Әдістемелік зерттеулердің эмпирикалық әдістері», «Оқытудың жаңа технологиялары», т.б. тақырыптар ұсынылады. Пәндік модуль шеңберінде бірнеше тақырыптан тұратын сабақ жоспарлары ұсынылады, бұл тақырыптар курс мазмұнымен тікелей байланысты. Тренингтік модуль педагогтың креативтік құзыреттілігін дамыту мақсатын көздейді, оларға креативтік, коммуникативтік, командалық тренингтерді жатқызуға болады. Аудиториядан тыс модуль мұғалімнің креативтік құзыреттілігін қалыптастыру процесін басқарады. Бұл модуль педагогтардың әртүрлі конкурстарға, гранттарға, педагогикалық олимпиадаларға, конференцияларға, т.б. қатысуларын қамтамасыз етеді. Курстық модуль мұғалімнің қосымша білім беру курсынан өтуіне мүмкіндік береді. Аталмыш модульдерді өзара бірлікте де, жеке де меңгеруге болады. Оларды таңдау мен өткізу мұғалімдердің тәжірибесіне, мониторинг қорытындысына, мотивациясына, мақсатына, жеке білім беру траекториясына, т.б. байланысты болады. Мұғалім белгілі бір модульдерді меңгеру нәтижесінде креативтік құзыреттілікке қол жеткізеді.

Сонымен, креативтік құзыреті жоғары ұстаз білім беруде жаңа нәтижеге жетудің басым бағыттарының бірі ретінде білімділік бағыт-

тан оқушылардың бойында шығармашылық құзыреттерді қалыптастыру бағытына өту мәселесін алдыңғы орынға қояды. Ол мақсатқа жетуде оқушының ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді пайдалануын көздейді. Дәстүрлі оқытуда білім оқушыға тек мағлұмат беру қажеттілігінен ғана беріліп, оның кейін оқушыға керек-керек еместігі ескерілмеді. Бұл жағдайда оқушы түсініктерді, мәліметтерді, ережелерді, заңдылықтарды, біліктіліктеді тек меңгеруі тиіс болса, мұғалім сол білімді меңгертуі тиіс болды. Ал бүгінгі креативті педагог пәнді меңгертудің нәтижелері оқушының өмірлік дағдыларымен сабақтасуы керек деп есептейді.

Қорытынды

Қазіргі Қазақстан модернизациялаудың белсенділігімен ерекшеленетін қоғам ретінде өзін-өзі дамытуға, шығармашылықпен жұмыс істеуге қабілетті, креативті мамандардың табыстылығын алдыңғы орынға қойып отыр.

Креативтілікті адамның рухани және тұлғалық шығармашылық даму шартының ажырамас бөлігі болып табылатын бағалы, тұлғалық категория дей отырып, біз мұғалімнің креативтік құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесін жасаудың өзектілігін атап айтамыз.

Кәсіби міндетті жүзеге асыруда стандартты емес жұмыс түрлерін пайдалану идеясының өзі белгілі бір креативтілікті қажет етеді және мұғалімді шығармашылық әрекетке ұмтылдырады. Олай болса, креативті, кәсіби тұрғыдан құзыретті педагог кәсіби қызметті жүзеге асыруда өзінің терең білімі мен шығармашылық мүмкіндіктерін жан-жақты пайдаланып, өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие беруде ерекше ізденістерін таныта отырып, оқушылардың жүрегіне жол таба білген ұстаз деп ойлаймыз. Ұстаз бойынан осы бір ерекше қасиеттерді көре алсақ, мұндай мұғалімді кәсіби маман деп тануға болады. Бұдан шығатын қорытынды: жаңа парадигма бүгінгі таңда мұғалімнің креативтік құзыреттілігін алдыңғы орынға қойып отыр.

Әдебиеттер тізімі

1. Ғабитов Т., Құлсариева А., т.б. Мәдени-философиялық энциклопедиялық сөздік. – А.: Раритет. – 2017.
2. Коджаспирова Г.М. Педагогический словарь: для студ. высш. и сред. пед. учеб. заведений / Г.М. Коджаспирова, А.Ю. Коджаспиров. – М.: Академия, 2001.
3. Равен Дж. Компетентность в современном обществе. – М.: КОГИТО – ЦЕНТР, 2012.
4. Ожегов С.И. Толковый словарь русского языка. – М.: АСТ, 2011.
5. Шадриков В.Д. Базовые компетенции педагогической деятельности / Сибирский учитель. – 2017. – №6. – с. 5-15.
6. Хуторской А.В. Ключевые компетенции. Технология конструирования. // Народное образование. – 2003. – № 5. – С. 55–61.
7. Зеер Э.Ф. Психолого-дидактические конструкты качества профессионального образования // Образование и наука. – 2012. – №2 (14). – С. 31-50.
8. Горб В.Г. Основная образовательная программа вуза: проблемы и решения. – Стандарты и мониторинг в образовании. – 2014. – №1.
9. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық тұлға дамуының сапалық критерийі // Білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі: Халықаралық ғыл.-практ. конф. материалдары. – Алматы: ББЖ КБАРИ, 2018. – 30–36 б.
10. Современный словарь по педагогике / Е.С.Рапацевич. – Минск: Современное слово. – 2001.
11. Педагог кәсіби стандарты / «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша. – URL: https://atameken.kz/uploads/content/files/%D0%9F%D0%A1%20%D0%9F%D0%B5%D0%B4%D0%B0%D0%B3%D0%BE%D0%B3_%D0%BA%D0%B0%D0%B7.pdf (қаралған күні: 20.11.2021).

12. Пилигина Н.И. Становление творческой индивидуальности учителя в условиях обучения в вузе: дисс. ...кандидата пед. наук. – СПб., 2014.
13. Torrance, E.P. (1974). Torrance Tests of Creative Thinking. Scholastic Testing Service, Inc. University of Warwick, 2004, Course Specifications: Glossary of Terms relating to Course Specifications.

References

1. Gabitov T., Kulsariyeva A., t.b. Madeni-filosofiyalyk enciklopediyalyk sozdik [Cultural and philosophical encyclopedic dictionary] (Raritet, Almaty, 2017).
2. Kodzhaspirova G.M., Kodzhaspirov A.Yu. Pedagogicheskij slovar': dlya stud. vyssh. i sred. ped. ucheb. zavedenij [Pedagogical dictionary: for students of higher pedagogical educational institutions] (Akademiya, Moscow, 2001).
3. Raven Dzh. Kompetentnost' v sovremennom obshchestve [Competence in modern society] (KOGITO – CENTR, Moscow, 2012).
4. Ozhegov S.I. Tolkovyj slovar' russkogo yazyka [Explanatory dictionary of the Russian language] (AST, Moscow, 2011).
5. Shadrikov V.D. Bazovye kompetencii pedagogicheskoy deyatel'nosti [Basic competencies of pedagogical activity]. Sibirskij uchitel' [Siberian teacher], 6, 5-15 (2017).
6. Khutorskoy A.V. Klyuchevye kompetencii. Tekhnologiya konstruirovaniya. [Key competencies. Design technology]. Narodnoe obrazovanie [Public education], 5, 55–61 (2003).
7. Zeer E.F. Psihologo-didakticheskie konstrukty kachestva professional'nogo obrazovaniya [Psychological and didactic constructs of professional education quality]. Obrazovanie i nauka [Education and science], 2 (14), 31-50 (2012).
8. Gorb V.G. Osnovnaya obrazovatel'naya programma vuza: problemy i resheniya [The main educational program of the university: problems and solutions]. Standarty i monitoring v obrazovanii [Standards and monitoring in education], 1 (2014).
9. Kudajbergenova K.S. Kuzyrlylyk tulga damuynyn sapalyk kriteriji [Competence is a qualitative criterion for the development of personality]. Bilim sapasyn bagalaudyn maseleleri: adisnamalyk negizi zhane praktikal'nyk natizhesi: Halykaralyk gyl.-prakt. konf. Materialdary [Problems of education assessment: methodological basis and practical results: International scientific-practical. conf.materials] (BBZH KBARI, Almaty, 2018, p. 30–36).
10. Rapacevich E.S., Sovremennyy slovar' po pedagogike [Modern Dictionary of Pedagogy] (Sovremennoe slovo, Minsk, 2001).
11. Pedagog kasibi standarty [Teacher professional standard]. «Atameken» Kazakstan Respublikasy Ulttyk kasipkerler palatasynyn Baskarma toragasyynyn 2017 zhylgy 8 mausymdagy № 133 bujrygyna kosymsha [Appendix to the Order of the Chairman of the Board of the National Chamber of Entrepreneurs of the Republic of Kazakhstan «Atameken» dated June 8, 2017 № 133]. Available at: https://atameken.kz/uploads/content/files/%D0%9F%D0%A1%20%D0%9F%D0%B5%D0%B4%D0%B0%D0%B3%D0%BE%D0%B3_%D0%BA%D0%B0%D0%B7.pdf (Accessed: 20.11.2021).
12. Pilyugina N.I. Stanovlenie tvorcheskoj individual'nosti uchitelya v usloviyah obucheniya v vuze: diss.kandidata ped. nauk. [Becoming a creative individual teacher at the university: thesis. candidate of ped. science.] (SPb, 2014).
13. Torrance E.P. Torrance Tests of Creative Thinking. Scholastic Testing Service, Inc. University of Warwick, 2004, Course Specifications: Glossary of Terms relating to Course Specifications (1974).

М.К. Жазыкова, У.Ж. Туякова

Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, Актобе, Казахстан

Значение формирования профессиональных креативных компетенций учителя в условиях новой парадигмы образования

Аннотация. В статье рассматривается проблема профессиональной креативной компетентности учителя в условиях новой парадигмы образования. Автор анализирует определения терминов «парадиг-

ма», «образовательная парадигма», «компетентность», «профессиональная компетентность педагога», «творчество», «креативность», «креативная компетентность», данные отечественными и зарубежными учеными и подчеркивает актуальность разработки методики формирования креативных компетенций педагога в условиях современной модернизации образования.

Так как новая парадигма образования направлена на развитие творческих исканий учащихся, автор полагает, что ее реализация возлагается на профессионально зрелого педагога, который владеет всесторонними знаниями современных педагогических технологий, работает творчески и креативно. Таким образом, в заключении исследования автор отмечает: есть все основания полагать, что формирование жизненно важных качеств учащихся как личности напрямую зависит от креативной компетентности учителя.

Ключевые слова: парадигма, новая парадигма образования, компетентность, профессиональная компетентность учителя, творчество, креативность, креативная компетентность, модули для учителей.

M.K. Zhazykova, U.Zh. Tuyakova

K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan

The significance of teacher's creative skills formation in the new paradigm of education

Abstract. The article deals with the problem of teachers' professional creative skills in the new paradigm of education. The author analyzes the definitions such as «paradigm», «educational paradigm», «competence», «teacher's professional competencies», «creativity», and «creative skills» given by domestic and international scientists and emphasizes the relevance of developing a methodology for teacher's creative skills formation in the conditions of education modernization.

Since the new paradigm of education is aimed at the development of students' creative quests, the author believes that its implementation is entrusted to a highly experienced teacher who has comprehensive knowledge of modern pedagogical technologies and works creatively. Thus, in the conclusion, the author notes that there is every reason to believe that students' vital qualities formation as individuals directly depends on the teachers' creative skills.

Keywords: paradigm, a new paradigm of education, competence, teacher's professional competence, creativity, creative skills, modules for teachers.

Авторлар туралы мәлімет:

Жазықова М.К. – педагогика ғылымдарының кандидаты, педагогика, психология және бастауыш кафедрасының доценті, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ә.Молдағұлова даңғ., 34, Ақтөбе, Қазақстан.

Туякова У.Ж. – корреспондентия үшін автор, педагогика және психология ғылымдарының магистрі, педагогика, психология және бастауыш кафедрасының аға оқытушысы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ә.Молдағұлова даңғ., 34, Ақтөбе, Қазақстан.

Zhazykova M.K. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of Pedagogy, Psychology and Primary Education, K.Zhubanov Aktobe Regional University, 34 A. Moldagulova ave., Aktobe, Kazakhstan.

Tuyakova U.Zh. – Corresponding author, Master of Pedagogical and Psychological Sciences, Senior lecturer of the Department of Pedagogy, Psychology and Primary Education, K.Zhubanov Aktobe Regional University, 34 A. Moldagulova ave., Aktobe, Kazakhstan.